



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011700	«Қазақ тілі мен әдебиеті»	1. Педагогика 2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Педагогика
 2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі
 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
 4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Тұлға дамуының негізгі бағыттары:

- A) тәрбиелік
- B) әлеуметтік
- C) қызығушылық
- D) дене
- E) эмоционалдық
- F) білімдік

2. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:

- A) Флегматикалық, меланхоликалық
- B) Холерикалық
- C) Психикалық
- D) Физиологиялық
- E) Психологиялық
- F) Сангвиникалық

3. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері:

- A) Психологиялық сауалнама
- B) Социологиялық сауалнама
- C) Психологиялық тест
- D) Педагогикалық сауалнама
- E) Әлеуметтік, педагогикалық
- F) Педагогикалық эксперимент
- G) Арнайы педагогикалық

4. Өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдерінің бірі:

- A) бағалау
- B) жазалау
- C) ақтау
- D) бақылау
- E) алдау
- F) түзету
- G) қорлау
- H) мадақтау

5. Тұлғаның әлеуметтенуі кезінде оның дамуына әсер ететін факторлар:

- A) Субъективті факторлар
- B) Экстрафакторлар
- C) Макрофакторлар
- D) Мезофакторлар
- E) Минифакторлар
- F) Монофакторлар

6. Дүниетаным - бұл:

- A) Мектептің жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- B) Адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- C) Қоғамның жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- D) Сынып ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- E) Мемлекеттің дамуына деген көзқарастар жүйесі
- F) Ақиқатты дүниеге деген көзқарастар жүйесі
- G) Адамның өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі

7. Тәрбие бағыттары:

- A) рухани-адамгершілік
- B) азаматтық-патриоттық, экономикалық
- C) көпшілік-интернационалдық, азаматтық
- D) шыдамды-төзімділік, имандылық
- E) дене, еңбек

8. Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттар:

- A) Әдістемелік нұсқаулар
- B) Тұжырымдамалар
- C) Оқулықтар, оқу құралдары
- D) Жұмыс кестелері
- E) Әдеби шығармалар

9. Педагогиканың нақты ғылымилық әдіснамалық принциптеріне жататын тұғырлар:

- A) құндылықтар теориясы
- B) іс-әрекеттік
- C) квалиметриялық
- D) синергетикалық
- E) жүйелілік

10. Тұлға дамуының макрофакторларының бірі:

- A) микросоциум
- B) діни ұйымдар
- C) мәдениет
- D) қоғам
- E) мемлекет
- F) тәрбие институттары

11. Тәрбие әдісі:

- A) мақсатқа жету жолы
- B) тәрбиеленуші әрекеті
- C) құралдар жиынтығы
- D) тәрбиенің сыртқы көрінісі
- E) тәрбиеші әрекеті
- F) өзара әрекет ету амалы
- G) тәсілдер жиынтығы

12. Қазіргі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуда оқушы белсенділігі байланысты:

- A) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне
- B) Сынып жетекшісінің өз алдына мақсат қоюына
- C) Мектеп директорының позициясына
- D) Директор орыбасарының позициясына
- E) Қойылатын талаптардың мазмұнына

13. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің міндеттері:

- A) Әлеуметтік
- B) Болжамдық
- C) Дамытушылық
- D) Адамгершілік
- E) Психологиялық
- F) Педагогикалық
- G) Диагностикалық

14. Мектеп пен отбасының ынтымақтастық әрекеттері:

- A) мектепті материалдық жабдықтау жұмыстары
- B) ата-аналармен ұйымдастырушылық–педагогикалық жұмыс
- C) көркем-өнер жұмыстары
- D) баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар
- E) ата-аналармен педагогикалық ағарту жұмыстары
- F) әдістемелік жұмыстар

15. Оқыту ұстанымдары:

- A) Мазмұндық
- B) Әдістемелік
- C) Сананылық және белсенділік
- D) Басқарушылық
- E) Көрнекілік
- F) Жүйелілік

16. Оқытуды ұйымдастыру формасы:

- A) Сабак
- B) Жаттығу
- C) Түсіндіру
- D) Сендіру
- E) Семинар

17. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет:

- A) Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін іс-әрекеті
- B) Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту
- C) “Педагог-оқушылар” жүйесінің қызметі
- D) Әлеуметтік тәжірибені игерудегі мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті
- E) Сыныптастармен бірлесіп әрекет ету
- F) Оқушылардың жеке бас қасиеттерін дамыту процесі
- G) Оқушылардың кәсіби әрекеттерінің жүйесі
- H) Педагог пен оқушылардың ортақ көзқарастары

18. Оқыту үдерісі:

- A) Тәрбиені меңгертеді
- B) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- C) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- D) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- E) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет

19. Бақылау:

- A) Ішінара
- B) Апталық
- C) Күнделікті
- D) Қорытынды
- E) Алдын ала

20. Оқытудың әдістері (Г.И.Шукина):

- A) Білімді, білік және дағдыны жетілдіру мен бекітуді оқыту
- B) Жаттығу, практикалық жұмыс
- C) Практикалық жұмыс; білімді жетілдіру
- D) Білікті қалыптастыру
- E) Дағдыны қалыптастыру
- F) Білікті қалыптастыру әдістері; эвристикалық
- G) Білімді жетілдіру

21. Ақпараттық технология:

- A) Ақпаратты өңдеумен байланысты процестер
- B) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- C) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- D) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- E) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- F) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану

22. Оқу орындарының инновациялық талаптары:

- A) Оқу-тәрбие үдерісіне құралдар мен медиа жүйелерді енгізу
- B) Оқу-тәрбие үдерісінің табиғатқа сәйкестік принципіне сүйену
- C) Жеке тұлғаның тек дарынын дамыту
- D) ҚР азаматтарының білім алу құқығына толық ие болу
- E) Оқу-тәрбие үдерісін педагогтың мүмкіндігіне сәйкестендіру
- F) Жеке тұлғаның білімінің және дарынының дамуына жағдай жасалу
- G) Оқушыларды белгілі кәсіпке бейімделу

23. Басқаруда басшылыққа алатын ақпараттар:

- A) Прагматикалық
- B) Бағалаушылық
- C) Аналитикалық
- D) Жекелеген
- E) Ақпараттық
- F) Баяндаушылық
- G) Шолушылық

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Экологиялық қарым-қатынас
- B) Эмоционалдық қарым-қатынас
- C) Ашық қарым-қатынас
- D) Креативті ойлау
- E) Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас

25. Біліктілікті көтеру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:
- A) Сала, ұйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық проблемалы емес орташа мерзімді семинарлар
 - B) Біліктілікті белгілі уақыт аралығында жоғарлату
 - C) Қосымша жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар
 - D) Ұзақ мерзімді тақырыптық оқулар
 - E) Біліктілік жоғарлату мекемесінде қысқа, орта және ұзақ мерзімді оқуы
 - F) Тақырып аясындағы орташа мерзімді семинарлар

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақ тілін оқыту әдістемесі

1. Қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту кезендері:

- A) Қазан төңкерісіне дейінгі кезең
- B) Феодализм кезеңі
- C) Ежелгі дәуір кезеңі
- D) Алғашқы қауымдық кезең
- E) Қазіргі кезең
- F) Тарихи кезең

2. Орта мектепте дыбыс жүйесін меңгертуде алғашқы баспалдақ болатын материал:

- A) Әліпби
- B) Буын
- C) Сөйлем мүшелері
- D) Әріптер
- E) Сан
- F) Дыбыстар
- G) Таңба

3. Оқушыларды диктант, шығарма, мазмұндама жұмыстарында жіберген қателерін түзеуге дағдыландыратын сөздік:

- A) Антонимдік сөздік
- B) Диалектологиялық сөздік
- C) Орфографиялық сөздік
- D) Орфоэпиялық сөздік
- E) Фразеологиялық сөздік

4. Бүгін, биыл сөздерінің жасалуы:

- A) Екі түбір сөз түрлі дыбыстық өзгеріске ұшырап, кірігуі арқылы жасалған
- B) Ұқсас сөздердің тіркесуі арқылы жасалған
- C) Дыбыстық еліктеуіштердің бірігуі арқылы жасалған
- D) Етістіктің бірігуі, кірігуі арқылы жасалған
- E) Күшейткіш буындар арқылы бірігуі
- F) Буынға бөлуге ыңғайлы етіп бірігуі

5. Қаншадан? нешеден? қаншасыншы? нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сан есім:

- A) Он шақты
- B) Тоғыз, сегіз
- C) Жетінші
- D) Алтау
- E) Үш-үштен
- F) Бесеуден

6. Мәтінді дұрыс қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыс түрі:

- A) Қайталап оқу
- B) Экскурсия
- C) Саралау
- D) Хабарлау
- E) Суреттеу

7. Қазақ тілінің орфографиясын оқытудың принциптері:

- A) Стилистикалық
- B) Морфологиялық
- C) Саналылық
- D) Грамматикалық
- E) Фонетикалық
- F) Жүйелілік

8. Оқушының бастауыш сыныпта меңгеретін тыныс белгілері:

- A) дефис
- B) үтір
- C) сұрау белгісі
- D) сызықша
- E) нүкте

9. Тіл дамыту жұмыстарының негізгі ұстанымдары:

- A) Жүйелілік ұстанымы
- B) Диохрониялық ұстанымы
- C) Сөйлеу мен ойлаудың бірлігі ұстанымы
- D) Саналылық ұстанымы
- E) Бейімдеп оқыту ұстанымы
- F) Фонологиялық ұстанымы
- G) Ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен сөйлеу байланыстық ұстанымы

10. Педагог-әдіскер Ә.Исабаев ғылыми ұстаным төмендегі өлшемдерге сай болуы қажет деп есептейді:

- A) Меңгерілетін материалдың нақтылығы болуы қажет
- B) Тілдік тақырыптарға байланысты берілетін практикалық дағдылардың көлемі дәл болмағаны жөн
- C) Қазақ тілінен берілетін тақырыптардың дәлдігі талап етіледі
- D) Оқушыларға қазақ тілінен берілетін білім лингвистикаға байланысты қаралады
- E) Ғылыми ұстанымның жүйелілік ұстаныммен тығыз байланысты
- F) Теория мен практика арасындағы диалектикалық байланысты естен шығармау керек
- G) Меңгерілетін объектінің термині анық болуы қажет

11. З.Бейсембаева ұсынған қазақ тілін оқыту әдістері:

- A) Интерактивті тақта қолдану
- B) Тест құрастыру
- C) Сурет әдісі
- D) Мектеп лекциясы
- E) Презентация пайдалану
- F) Мәтінмен жұмыс істеу әдісі
- G) Сөйлем мен сөзді толықтыру әдісі

12. Жаттығу түрлері:

- A) Іздену
- B) Оқу
- C) Жазбаша
- D) Ақпараттық
- E) Талдау
- F) Морфологиялық
- G) Ауызша

13. Оқытуда дебат технологиясын қолданудың бірнеше артықшылықтары бар:

- A) пәнге қызығушылығы артады
- B) ақпараттық технологияларды меңгереді
- C) презентация үйренеді
- D) сыни тұрғыдан ойлау дағдысы қалыптасады
- E) тест тапсырмаларын орындайды
- F) үлестірме қағаздармен жұмыс істейді
- G) оқушының жазылым дағдысы артады

14. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану:

- A) Тілдік талдау барысында қиындықтар туғызады
- B) Теориялық тұрғыда негізделмеген, тиімсіз әдіс
- C) Тақырыпқа байланысты мол ақпараттар алуға көмектеседі
- D) Оқушының өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады
- E) Білім алушы мотивациясына теріс ықпал етеді

15. Орта мектепте фразеологияны оқытудың міндеттері:

- A) Тұрақты сөз тіркестерін таба білуді үйрету
- B) Табу, эвфемизмдерді ажырату
- C) Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасымен таныстыру
- D) Диалектизмдерді меңгерту
- E) Кәсіби сөздерді меңгерту
- F) Ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін таныту

16. Грамматикалық категориялардың жіктелуін:

- A) Сөйлеу арқылы жеткізген тиімді
- B) Excel көмегімен көрсете аламыз
- C) Таблица арқылы көрсету тиімді
- D) MathLAB көмегімен бейнелеуге болады
- E) Диаграмма көмегімен экранға шығару тиімді
- F) Компьютер көмегімен бейнелеу тиімді

17. Бөгде сөзді, оның түрлері мен тыныс белгілерін оқытуда тиімді қолдануға болатын әдіс:

- A) Кестелі плакаттар
- B) Хабарлау
- C) Перфокарта
- D) Интербелсенді тақта
- E) Топтастыру

18. Сөз тіркесіне қатысты терминдер:

- A) сингармонизм
- B) конвергенция
- C) басыңқы сыңар
- D) бағыныңқы сыңар
- E) сабақтаса байланысу

19. Бастауыштың әр түрлі сөз табынан болатынын көрсетудің тиімді тәсілі:

- A) Проблемалық сұрақ қою арқылы
- B) Теориялық материалды бөліктерге бөлу арқылы
- C) Түбір мен қосымшаны ажырату арқылы
- D) Сөздің антонимін табу арқылы
- E) Дыбыс үндестігін көрсету арқылы
- F) Синонимдерін көрсету арқылы
- G) Сөз тұлғасын талдау арқылы

20. Тіл мәдениетінің қосалқы құралдары:

- A) Дауыс мәнерін оқыту
- B) Түркі тілдерін оқыту
- C) Тілдер топологиясын оқыту
- D) Этнолингвистикалық атауларды оқыту
- E) Жалпы тіл білімін оқыту
- F) Жалпы грамматиканы оқыту
- G) Салыстырмалы грамматиканы оқыту

21. 1933 жылғы Т.Шонанұлы мен С.Кеңесбаевтардың қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту бағдарламасының мақсаты:

- A) Еуропалықтарға қажетті көлемде қазақша сөйлеуді меңгерту
- B) Қазақ тілі грамматикасының формаларынан мәлімет беру
- C) Қазақ тілі бағдарламаларының тарихы
- D) Сөйлеу процесіндегі ерекшеліктер
- E) Дағдының физиологиялық механизмі
- F) Грамматикалық материалдарды сұрыптап қарастыру

22. Ә.Исабаев көрсеткен ғылыми ұстанымның өлшемдері:

- A) Әдебиетпен байланысты болуы керек
- B) Жұрнақтарды меңгертуі керек
- C) Өзге тілдермен салыстырылуы керек
- D) Тілдік жаттығулар көрсетілуі керек
- E) Тілдік тақырыптардың өзіндік белгілері сараланып алынғаны абзал
- F) Ережеге ғана сүйенуі тиіс

23. Мектепте оқытылатын синтаксистік қатынас түрлері:

- A) Пысықтауыштық
- B) Сөз тудырушылық
- C) Толымсыздық
- D) Анықтауыштық
- E) Толықтауыштық

24. Н.Сауранбаев бойынша құрмалас сөйлемдердің негізгі белгілері:

- A) Бір сөйлемдік мағынаға ие болмауы
- B) Құрамындағы әрбір компоненттің интонациялық жігі айқын болуы
- C) Құрамындағы синтаксистік компоненттерде айтылатын ойдың дербестігі
- D) Компоненттерінің салыстыра байланысуы
- E) Компоненттердің интонациялық жігі айқын болуы

25. Мәтін туралы ұғым қалыптастыру әдістемесі:

- A) Мәтін философиялық әдебиеттен құралады
- B) Мәтіннің белгілі бір мазмұндық бірлігі болады
- C) Мәтіннің грамматикамен байланысы жоқ
- D) Мәтіннің стильге қатысы болмайды
- E) Мәтін тек әдебиетпен байланысты
- F) Мәтіннің тақырыбы мен идеясы болады

**Қазақ тілін оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Өзін-өзі басқару орталығы
- B) Мадақтау
- C) Пікірталас
- D) Шаралар ұйымдастыру
- E) Ата-анамен жұмыс

2. Мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізетін мекеме түрлері:

- A) спорт олимпиадалары
- B) кітап оқушылар конференциясы
- C) спорт мектептері
- D) сабақ
- E) оқу
- F) сауықтыру, еңбек лагерьлері

3. ҚР дарынды балалармен жұмыс жасайтын мекемелері:

- A) лицей
- B) гимназия
- C) жастарды әлеуметтік қолдау ұйымы
- D) ана мен бала орталығы
- E) отбасын жоспарлау орталығы
- F) арнайы мамандандырылған спорт мектептері

4. Ұжымның даму болашағын жоспарлау:

- A) алыс болашақ
- B) күнделікті жоспар
- C) күнтәртібі, жылдық жоспар
- D) бақытты келешек
- E) жақын болашақ
- F) орта болашақ

5. Қиын балаларда жиі кездесетін ерекшеліктер:

- A) арнайы спорттық, шығармашылық бейімділіктері жоғары
- B) өнер, музыкада ерекше шығармашылық қабілеттері көзге түсуі
- C) ғылыми зерттеу жұмысына, өнертапқыштыққа құмар
- D) жаман мінез, жасырын әдеттері болуы
- E) тұйық, енжар
- F) суицидтік күй, депрессия

6. Оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) Бастауыш
- B) Студенттік
- C) Таптық
- D) Топтық
- E) Жеке

7. Оқушылардың сыныптық ұжымы:

- A) Ғылыми-ізденушілік бағыттағы ұйымдасқан ұжым
- B) Мектептен тыс мекемелердегі шығармашылық ұжым
- C) Жас ерекшелігіне қарай бір бағдарламамен оқуға біріккен балалар ұжымы
- D) Білім алу мақсатында, ішкі қарым-қатынасы қалыптасқан балалар ұжымы
- E) Білім, тәрбие мақсатына жету үшін құрылатын оқушылар ұжымы

8. Дарынды балалардың ерекшелік белгілері:

- A) құқық бұзушылыққа бейімділік
- B) мектеп, қалыптасқан қағидаларды мойындағысы келмеуі
- C) ұжымда билікке құмарлығы
- D) философиялық мәселелерге көп ойлануы
- E) ашушаңдық
- F) отбасы мүшелерімен қарым қатынасы дұрыс жолға қойылмауы
- G) ата-ананың ерекше ықыласына бөленіп, еркелікке салынуы

9. Қазіргі тәрбие жүйесінің негізгі ұстанымдары:

- A) Субъективті, прагматикалық
- B) Тәрбиенің дұрыс бағыттылығы
- C) Көрнекілік, ғылыми, жүйелілік
- D) Талдау, жинақтау
- E) Ағымдағы тәрбие үдерісі ұстанымдары

10. Жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) хабарлама даярлау
- B) тәрбие тұжырымдамасын талдату
- C) мектепішілік жұмыстарды ұйымдастыру
- D) сценарий мен жоспарлар жазу
- E) сынып сағаты, кештер, сайыстар

11. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) Ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу
- B) Ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тексеру
- C) Жиналысты балалармен мереке түрінде өткізу
- D) Оқушыларды әрдайым тұрақты қатыстыру
- E) «Баланың кітап оқу мәдениетін жетілдіру» тақырыбында сұхбаттасу
- F) Балалардың жетістіктерін мадақтау
- G) ата-аналармен жеке әңгімелесу

12. Қазіргі отбасы дағдарысының сипатталуы:

- A) Бала асырап алуға заңды құқытың болуы немесе болмауынан
- B) Әлеуметтік құрылымның жедел өзгеруімен
- C) Некеге тұрумен және оны бұзудағы еркіндікпен
- D) Ұлттық дәстүрді сақтамаудан
- E) Ата-аналардың ой-өрісінің тарылуымен
- F) Азаматтық некенің салдарынан

13. ҚР дарынды балалармен жұмыс жасайтын мекемелер:

- A) отбасын жоспарлау орталығы
- B) Қосымша білім беру мекемесі
- C) Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептердің желісі
- D) «Бейіндік мектеп»
- E) Қазақстан халықтары Ассамблеясы
- F) Ана мен бала орталығы

14. Қиын балалармен жұмыс әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды :

- A) Типтерді зерттеу бойынша психологпен кеңесу
- B) Тәрбие объектісі, аспектілері
- C) Қиын баламен жұмыста алғашқы және соңғы сатылары
- D) Тәрбие бағыттары
- E) Оқушыларды жан-жақты зерттеу және іріктеу
- F) Қиындықтың түрлеріне қарай мамандармен кеңесу
- G) Бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі

15. Қиын балаларды болдырмау, теріс, жағымсыз әдеттерді жою және алдын алу жұмыстары:

- A) тәрбие объектісі, аспектілері
- B) бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі
- C) қиын баламен жұмысты қорытындылау
- D) сынып сағаттары
- E) тәрбие жоспары
- F) қиын балаларды оқудан шығару, жазалау

16. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) жоспардың нақтылығы
- B) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі
- C) күнделікті өз мерзімінде жасалуы
- D) мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-шаралардың күнделікті өтуі
- E) сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі

17. Қиын балалармен жеке жұмыс кезеңдері:

- A) тәжірибелік ұсыныстар қолдану
- B) озық тәжірибені талдау
- C) жеке-тұлғаға бағытталған әдістер негіздерін зерттеу
- D) баланың жеке тұлғасын зерттеу
- E) тәрбие әдістері мен түрлерін таңдау
- F) баламен достық қатынасты тыю
- G) бағдарлама жасау

18. Тақырыбын анықтау қажет болатын тәрбие жұмысының түрі:

- A) оқушыларды жан-жақты зерттеу
- B) пресс-конференция, оқырман конференциясы
- C) сұрақ-жауап алу арқылы қарым-қатынасты анықтау
- D) қиын баланың типін анықтау үшін психологпен кеңесу
- E) пресс-конференция, оқырман конференциясы
- F) демалыс кеші, көңілділер мен тапқырлар клубы
- G) отбасы мүшелерімен баланың қарым-қатынасын зерттеу

19. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) оқылатын пәндерді көрнекілікпен қамту, әдістемесін түрлендіру
- B) тәрбие жұмысы түрлерінің оқушылардың жас және тәрбиелік деңгейіне сәйкестігі
- C) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі
- D) мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-шаралардың күнделікті өтуі
- E) жоспардың тәрбие түрлерін толық қамтуы

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) этикалық әңгіме
- B) тәрбиелік шара
- C) шығармашылық орталықтар
- D) пікірталас
- E) өзін-өзі басқару одағы
- F) сендіру
- G) үлгі-өнеге

21. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- B) марапаттау
- C) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- D) мадақтау
- E) этикалық әңгіме талдату
- F) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- G) пікір аясын кеңейту

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Мазмұнына
- B) Институтционалдық белгісіне
- C) Жазалауына
- D) Тәрбие бағыттарына
- E) Кешенді тәрбие жұмысы

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі
- B) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- C) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- D) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- E) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- F) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- G) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- H) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау

24. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Марапаттау
- B) Демонстрациялау
- C) Пікірталас
- D) Жарыс
- E) Ойнату
- F) Спорттық жаттығу

25. Көпшілік тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) ертеңгіліктер
- B) оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары
- C) ұсынылған кітаптарды оқу, кештер
- D) сынып сағаты, сайыстар
- E) баланың отбасындағы қарым-қатынасын зерттеу
- F) мектеп директорының басқаруы

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

1. Әдебиеттен білім беруде пәнаралық байланысқа жүгінетін жағдай:
 - A) Өтілетін тақырыпты тереңдете бергісі келгенде
 - B) Оқушылардың қабілеті мен дарынына әсер еткісі келгенде
 - C) Өтілетін білім мазмұны толықтыруды, байытуды қажет етсе
 - D) Басқа пәннен білім беру үшін
 - E) Оқушылардың эмоциясына әсер еткісі келгенде
 - F) Оқушылардың мәдениеттілігін көтергісі келгенде

2. Оқытудың жобалау технологиясында орындалатын жұмыстар:
 - A) Өтілетін тақырыптар сұрыпталады
 - B) Сабақ эвристикалық әдіспен жүргізіледі
 - C) Оқушылардың дара ерекшелігін анықтау үшін әңгіме, шағын сыр толғау жазғызады
 - D) Оқыту зерттеу әдісімен жүргізіледі
 - E) Психологиялық диагностика (оқушылардың қабілетін анықтау үшін)

3. Естуге негізделген көрнекіліктер:
 - A) Кесте - плакат
 - B) Күйтабақтар
 - C) Макеттер
 - D) Музыка туындылары
 - E) Альбомдар
 - F) Фотографиялар

4. 5-8 сыныптарда өтілетін лирикалық шығармалар:
 - A) Жан лирикасы, азаматтық, адамгершілік тақырыбындағы лирика
 - B) Әлем лирикасы, өнер-білім тақырыбындағы лирика
 - C) Шетел әдебиет лирикасы, табиғат лирикасы
 - D) Махаббат, әлем лирикасы
 - E) Өнер-білім тақырыбындағы лирика
 - F) Философиялық лирика, қоғамдық саяси лирика

5. Әдебиет пәні мұғалімі сыныптан тыс оқуды ұйымдастыру барысында жүргізетін жұмыстар:
 - A) Оқушылардың оқырмандық деңгейін зерттейді
 - B) Әдеби кеш, жазушылармен кездесу ұйымдастырады
 - C) Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем шығармаларды іріктейді
 - D) Ата-аналарынан өтініш алады
 - E) Әр сабақ бойынша сценарий құрастырады
 - F) Әр сабақта жеке оқушылармен жұмыс істейді

6. Әдебиет сабағын ғылыми тереңдетіп оқытудың маңызды саласы:

- A) Сын зерттеулерді оқыту
- B) Ғылыми еңбектерді оқыту
- C) Деңгейлеп оқыту
- D) Мазмұндама оқыту
- E) Әдеби теориялық ұғымдарды ұғу
- F) Саралап оқыту

7. Педагогикалық практика кезінде студенттер тығыз байланыста ынтымақтаса жұмыс істеу керек:

- A) Диплом жетекшісімен
- B) Пән мұғалімі мен сынып жетекшісімен
- C) Мектеп басшылығымен
- D) Практика жетекшісімен
- E) Сабақ беретін сыныппен
- F) Кураторымен

8. 5-сыныпта оқытылатын діни әңгімелер:

- A) «Даналық кітабы»
- B) «Ысмайыл», «Зәмзәм»
- C) «Алып Ер Тоңға»
- D) «Оғыз қаған»
- E) «Авеста»

9. Көркем шығармалардың қыр - сырын танып білу үшін қалыптасқан талдау жүйесін көрсет:

- A) Әлеуметтік - программалық талдау
- B) Кейіпкерлік - бейнелік талдау
- C) Прозалық - поэзиялық талдау
- D) Дауыстап оқу жүйесі
- E) Тілдік - эстетикалық талдау
- F) Саяси-хронологиялық талдау
- G) Мазмұнын айтқызу

10. Мысал жанрын оқытудағы негізгі мәселелер:

- A) Автор өмірбаянына ерекше тоқталу
- B) Мұғалімнің мысал мазмұнын айтып беруі
- C) Мысалдың жазылу тарихына тоқталу
- D) Мысалдағы ойдын астарлы түрде берілетінін түсіндіру
- E) Мысалдың кекесін, мысқыл, сатира тәсілімен берілетінін түсіндіру

11. Мәнерлеп оқудың шарттары:

- A) Сөз түйдегін айырып оқу
- B) Өлеңнен әсер алу
- C) Оқығанды дұрыс ұғу
- D) Тіл мәдениетін арттыру
- E) Кідірісті сақтап оқу
- F) Демді дұрыс алу

12. Кіріспе жұмыстарының түрлері:

- A) Көне дәуір әдебиеті жайындағы әңгіме
- B) Заман, қоғам тірлігі жайындағы тарихи түсінік
- C) Жазушының өмірбаяны мен творчестволық жолы жайындағы түсінік
- D) Тарихи шындық пен көркемдік шындық арасалмағы жайындағы әңгіме
- E) Адам өмірі жөніндегі түсінік
- F) Халық өмірі жайындағы түсінік
- G) Мәтін тұсында берілетін тақырыптық-текстологиялық(сөздік) түсінік

13. Әдебиет пәнінде қолданылатын заттық көрнекіліктер:

- A) Жазушының басылымдары
- B) Глобус
- C) Түрлі жазбалар, кино, теледидар көріністері
- D) Карта
- E) Карточка
- F) Схема
- G) Таблица

14. Әдебиет теориясын оқытқанда басшылыққа алынатын мәселелер:

- A) Әдебиет тарихы, тіл
- B) Текстер жаттау
- C) Жатқа айту
- D) Жанрлар, көркем сөз
- E) Суреткер - жазушы, әдіс

15. Сыныптан тыс оқытудың мақсаты, маңызы:

- A) Сыныпта сабақ айтпаған оқушы үшін
- B) Модульдік жүйеге сай
- C) Сауаты төмен оқушылармен жұмыс істеу үшін
- D) Жана әдістеме үшін
- E) Өз беттерімен кітап таңдай білуі
- F) Кітаппен жұмыс істеуге үйретеді

16. Драмалық шығарманы оқытқанда мұғалімнің назар аударатын мәселелері:
- A) Жеке басының әсері
 - B) Шығарманың сюжеті
 - C) Субъективті өмір
 - D) Кейіпкердің мінезі
 - E) Лирикалық кейіпкер
 - F) Кейіпкердің киім үлгісі
 - G) Кейіпкердің характері
17. Әрбір практикант студент 45 минут сабақты блоктарға бөліп өтуі:
- A) 13
 - B) Жұп сан
 - C) 11
 - D) 5
 - E) Үшпен үштің көбейтіндісі
 - F) Тақ сан
18. Оқушылардың қатысу мүмкіншілігіне, қабілетіне қарай сыныптан тыс жұмыстар бір-бірімен байланысты бөлінетін түрлер:
- A) Топтық
 - B) Сыныпаралық
 - C) Әдеби
 - D) Мәдени
 - E) Тақырыптық
19. Үздіксіз жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарға жатады:
- A) Апталықтар
 - B) Ақын-жазушылармен кездесулер
 - C) Көркем өнерпаздар үйірмесі
 - D) Мәнерлеп оқу мектебі
 - E) Драмалық үйірме
20. 1930 жылы Қызылордада басылған «Жеткіншек» оқу құралының авторы:
- A) «Оян, қазақ» жинағының авторы
 - B) «Өскен өркен» романының авторы
 - C) «Қирағат» оқулығының авторы
 - D) М.Дулатов
 - E) «Хан Кене» драмасының авторы

21. 1931-1932 жылдардағы БКП (б) орталық комитеті шығарған қаулының мақсаты:

- A) Әдеби білім беруді жетілдіру
- B) М.Әуезов еңбектері арқылы оқыту
- C) Арнайы бағдарламалар арқылы оқыту
- D) Ш.Уәлиханов еңбектері арқылы оқыту
- E) Әлемдік білім тәжірибесімен оқыту

22. Қазақтың ұлттық санасын оятуға үлес қосқан қазақтың ағартушы – демократтары:

- A) Шоқан, Абай, Ыбырай
- B) Шәкәрім, С.Көбеев, С.Торайғыров
- C) М.Ғабдуллин, С.Қирабаев
- D) М.Әуезов, Ә.Кекілбаев
- E) Т.Ақшолақов, Ә.Дайырова
- F) С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев
- G) А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев

23. М.Әуезов стилін айқындайтын шығармасы:

- A) «Қараш-қараш оқиғасы» повесі
- B) Қазақтың бас ақыны жайындағы шығарма
- C) Тұңғыш ағартушы жайындағы шығарма
- D) XIX ғ. екінші жартысын қамтитын шығарма
- E) XVIII ғ. I ж.- XIX ғ. II ж. қамтитын шығарма
- F) «Көксерек» әңгімесі
- G) «Абай жолы» романы

24. Сыныптан тыс кездесетін әдебиет оқу формалары:

- A) Зерттеу-сын еңбектері
- B) Күнделікті сабақ бойынша үйде оқытылатын мәтіндер
- C) Жыл басында тізімге енгізіліп, еркін түрде оқылатын шығармалар
- D) Газет-журналдарда жарияланған материалдар
- E) Оқушының еркі бойынша таңдап алынған мәтіндер
- F) Сынып жетекшісі ұсынған мәтіндер
- G) Ата-анасы ұсынған кітаптар бойынша
- H) Бағдарламаға қосылған, бірақ үйде оқытылады деген мәтіндер

25. 9-сыныпта фантастика және детектив жанрларын өткен кезде қарастырылатын шығармалар:

А) Ғ.Мүсірепов «Ұлпан»

В) Ә.Мархабаев «Күнге тағы дақ түсті»

С) С.Торайғыров «Таныстыру»

Д) Қ.Тоқаев «Сарғабандағы оқиға»

Е) Т.Әлімқұлов «Қараой»

Ғ) Ж.Аймауытов «Қартқожа»

Г) Ш.Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»

**Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**